**"Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1102 Қаулысы

"Арна Медиа" ұлттық ақпараттық холдингі", "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі", "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 шілдедегі N 668 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоғамның директорлар кеңесінің құрамына лауазымды тұлғалардың сайлануын қамтамасыз етсін;

2) екі ай мерзімде екі тәуелсіз директордың кандидатурасы бойынша ұсыныс енгізсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 530 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 1102 қаулысына қосымша

**«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайланатын лауазымды тұлғалар**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 N 257 қаулысымен.

| | | |
|---|---|---|
| Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы | – | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары |
| Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы | – | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі |
| Балықбаев Такир Оспанұлы | – | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі |

| | | |
|---|---|---|
| Қ ұ с а й ы н о в<br>Марат Әпсеметұлы | – | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| С а ғ а д и е в<br>Ерлан Кенжеғалиұлы | – | Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі |
| Ө т е п о в<br>Эдуард Карлович | – | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК